

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

19.03.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері

Күн тәртібі:

1. Магистратура деңгейіндегі әзірленген, жаңартылған ББ Реестріне енгізу
2. Қаңтар-Ақпан-Наурыз айларында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Күн тәртібімен таныстыра отырып, қаралатын мәселелерді атап өтті. 6B05449, 7M05426-Математика білім беру бағдарламасының жаңартылуы бойынша іргелі және қолданбалы математика саласында білімі бар магистрлерді даярлауға бағытталған. Бағдарлама математикалық білімі бар

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, доцент К.И.Усманов алды:

2024-2025 оқу жылына АК жұмысы ұйымдастырылып «Математика және статистика» даярлау бағыты бойынша 6B05449- Математика және 7M05426-Математика білім беру бағдарламаларының АК жұмыс және мәжіліс жоспары қаралды және келесі міндеттер қаралды, атап айтқанда:

- білім беру бағдарламасы мен оның құрылымдық элементтерін (оқу жоспарлары, оқу нәтижелері) алқалы әзірлеуді ұйымдастыру;
- үздіксіз білім беру деңгейлерінің (бакалавриат және магистратура) сабақтастығын қамтамасыз ету негізінде кадрларды даярлаудың білім беру траекториясын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламаларының кадрлық ресурстарының сапасын арттыру саясатын қалыптастыру;
- білім беру бағдарламасын іске асырудың мазмұны мен технологиясы бойынша үздік әлемдік және отандық тәжірибені талдау және енгізу;
- әлеуетті үміткерлермен жұмысты үйлестіруде кәсіби бағдар жұмыстарын күшейту;
- студенттердің ғылыми-зерттеу және жобалық қызметі мәселелері бойынша ғылыми бөлімдермен өзара әрекеттесу;
- жұмыс берушілермен және білім беру бағдарламасының түлектерімен бітірушілердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарды нақтылау және оларды даярлау сапасын бағалау бойынша өзара әрекеттесу;
- білім беру бағдарламасын әртүрлі сапаны бағалау процедураларына дайындау (соның ішінде аккредиттеу), бағдарламаның өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру.

Сонымен қатар 7M05426-Математика білім беру бағдарламасына ЖОО компоненттеріне «Математикалық мәселелерді шешуге арналған жасанды интеллект құралдары» және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығының «5. Жоғары оқу орны компоненті және таңдау бойынша компонент пәндерінің тізбесін ЖЖОКБҰ дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығы мен магистранттардың қажеттіліктері ескеріледі.

ӘАОО-ны қоспағанда, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламаларының БП циклінің жоғары оқу орны компоненті ғылым тарихы мен философиясы, кәсіптік шет тілін меңгеру, психологиялық-педагогикалық цикл саласында құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейтін, оқыту әдістемесі мен әдістері мен оқыту технологиясын қамтитын пәндерді қамтиды, бейіндік бағыт үшін – кәсіптік шет тілін меңгеру саласындағы құзыреттерді, басқарушылық құзыреттер мен басшылық дағдыларын қалыптастыруды көздейтін пәндер.» болу талаптары негізінде “Іргелі математиканы оқытудың әдістемесі және технологиялары” пәні бойынша әдістемелік пәндер қосылды. Сонымен қатар жаңартылған БББ-да “Зерттеулердің қолданбалы әдістері” және “Академиялық ғылыми жазба” пәндерінің ОН-дары мен пән сипаттамалары заманауи білім беру технологиялары мен жасанды интелект мүмкіндіктеріне бағыттап өзгерістер жасалды.

АК мүшесі, академиялық персонал, доцент К.И.Усманов:

- магистратураның білім беру бағдарламасын әзірлеу және оны бекітуге ұсыну.
- оқуға қабылдаудың әр жылы үшін оқу жоспарының мазмұнын анықтау.
- қоғамдық жұмыс берушілер қоятын кадрларды даярлауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнына сараптама жүргізуді ұйымдастыру.
- жұмыс берушілердің сарапшыларын тарта отырып, студенттердің кәсіби білімін, дағдылары мен дағдыларын дамыту тұрғысынан оқу бағдарламалары мен оқу материалдарының сапасына сараптама және бақылау жүргізу.
- білім берудің әртүрлі деңгейлерінде сабақтастықты қамтамасыз ету және пәндердің қайталануын жою мақсатында элективті пәндер каталогын қалыптастыруды бақылау.
- практиктерді оқу материалдарын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету, шеберлік сабақтар өткізу арқылы мамандықтың негізгі пәндері бойынша сабақтарды бірлесіп өткізуге міндетті түрде тарту жұмыстарын ұйымдастыру.

АК төрағасы Еркишева Ж.С.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Осыған орай, 7M05426-Математика білім беру бағдарламасының жаңартылған нұсқасын әзірлеп, ББ Реестріне енгізу жұмыстарын орындауымыз қажет екенін ескертемін.

Шешім: 7M05426-Математика білім беру бағдарламасының жаңартылған нұсқасы әзірленсін, ББ Реестріне енгізілсін, қаңтар, ақпан, наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТАДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

____.____.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – К.Калмахан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

Күн тәртібі:

1. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу
3. Оқу-әдістемелік кешені бойынша талдау жүргізу (силлабус, БӨЖ, емтихан, т.б.)
4. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
5. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қазан айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Тиімді ұйымдастырылған және жұмыс істейтін кәсіптік білім беру жүйесі қажетті сипаттамалар мен құзыреттерге ие және еңбек нарығында сұранысқа ие білікті маманды шығарады; еңбек нарығында сұранысқа ие, жұмыс берушінің талаптарына жауап беретін, қажетті білімі, дағдысы мен құзыреті бар, басқару мен өндірістің маңызды ресурсы бола отырып, кез келген кәсіпорынның тиімді

жұмысын қамтамасыз ететін, өзінің экономикалық қауіпсіздік және әлеуметтік қамсыздандыру; кәсіпорындардың және экологиялық және әлеуметтік тұрақтылыққа сенімді маманның тиімді жұмыс істеуі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына және соның нәтижесінде мемлекеттің білімді әл-ауқатына әкеледі; экономикалық өркендеген және әлеуметтік-экономикалық тұрақты мемлекет тиімді білім беру жүйесін, оның ішінде кәсіптік білім беруді дамытады; бірлестіктер, кәсіподақтар және басқа да қоғамдық ұйымдар күшіне енеді және кәсіптік білімі бар кәсіпорындармен өзара байланысты.

АК мүшесі, академиялық персонал Сарбаева Қ.Т.: 2023-2024 оқу жылында Аккредиттеуден өтетін 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларының өзіндік бағалау есебін дайындау барысында білім алушылардың жеке оқу жоспарлары, сауалнама нәтижелері, БББ және элективті пәндер каталогы, оқу-әдістемелік жұмыстары, жұмыс берушілердің сараптамалары мен ұсыныстары т.б. айналымдағы іс-құжаттар.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды:

2023-2024 оқу жылында ББ жаңартылуына байланысты ББ пәндерінің жалпы саны мен мазмұны өзгерді, Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды. Пәндердің өзгеруіне байланысты силлабус, дәрістер мен практикалық (лабораториялық) сабақтар жинақтары, БӨЖ, ОББӨЖ тапсырмалары, емтихан сұрақтары т.б. дайындалды.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков:

Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау бойынша атап кетсем. Диагностикадағы басымдықтар (тесттер және т.б.) репродуктивті тапсырмалар (ақпаратты жаңғырту) емес, шешім қабылдау процесінде білім алушының ақпараттық өнімін құруды көздейтін білім мен дағдыларды қолдануға негізделген өнімді тапсырмалар (ағымдық бақылаулар) болып табылады: қорытынды, бағалау және т.б. Кәдімгі пәндік тесттерден басқа, білім алушыдан тек танымдық емес, реттеуші және коммуникативті әрекеттерді де талап ететін құзыреттілік тапсырмалардан тұратын метапәндік диагностикалық жұмысты жүргізу қажет. Бағалау объектісі білім беру стандарттарында көрсетілген білім беру бағдарламаларын меңгеруге қойылатын талаптарда анықталған білім алушылардың оқу жетістіктері болып табылады. Білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптар бастауыш жалпы білім берудің тиісті білім беру бағдарламалары арқылы іске асырылатын жалпы білім берудің мақсатты көрсеткіштерінің сипаттамасы болып табылады.

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларының материалдары ішкі аудиттің құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. 2023-2024 оқу жылында Аккредиттеуден өтетін 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларының өзіндік бағалау есебінің дайындық жұмыстарын жалғастыруымыз қажет. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: Кадр даярлау нарығына талдау жүргізілсін; институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебі 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламалары бойынша әзірленсін; оқу-әдістемелік кешені бойынша талдау жүргізілсін (силлабус, БӨЖ, емтихан, т.б.); оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын сараптау; қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Мәжіліс төрағасы:

Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:

Н.Ә.Әбдімүтәліп

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТАДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

____.____.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – К.Калмахан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

Күн тәртібі:

1. Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің қосымшаларын толтыру
2. Кадр даярлау бағыттары бойынша бітіруші курстың Қорытынды аттестаттауда дипломдық жоба және магистрлік диссертацияларды қорғау туралы талқылау
3. Оқу үдерісі бойынша ОӘК, оқыту әдістерін, оқыту нәтижелерін талқылау
4. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің қосымшаларын толтыру. Жалпы қосымшалар саны 18: Университетті дамыту бағдарламасы, Білім беру ұйымының құрылымы, білім сапасын ішкі қамтамасыз ету саясаты (университеттің білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі құжаттары), Білім беру бағдарламасы, Мамандық бойынша жұмыс оқу жоспары, Элективті пәндер каталогы, Білім беру бағдарламаларына қолжетімді бағдарламалық жабдықтың сипаттамалары, Білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау және берілген дәреже туралы мәліметтер (бакалавр), Білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау және берілген дәрежелер туралы мәліметтер (магистратура), Профессор-оқытушылар құрамының түйіндемесі, ПОҚ оқу, әдістемелік, ғылыми жұмысы, Білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша ғылыми мектептер мен зерттеулер, ПОҚ-ның бес жылдық кезеңдегі зияткерлік багажы, ПОҚ академиялық ұтқырлығы бойынша мәліметтер, Студенттердің академиялық ұтқырлығы бойынша мәліметтер (оқыту және практикадан өту), Білім беру бағдарламалары бойынша түлектер, Қаржылық және материалдық қамтамасыз ету, Білім беру ұйымының қосымша қосымшалары: (жұмыс берушінің ББ-ға пікірі; дипломдық жобаның нәтижелерін пайдалану туралы акт; студенттің жеке жоспары; ББ-ны іске асыруға арналған жабдықтардың тізімі, оның ішінде халықаралық жобалар шеңберінде; студенттердің жетістіктері; дипломдық/магистрлік жұмыстардың тақырыптары, Еуропалық үлгідегі дипломға қосымшаның жоғары оқу орны нысаны (Diploma Supplement) және т. б.). 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларының осы қосымшалар бойынша материалдарды жинақтау жұмыстарын жүргізу қажет.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков:

ХҚТУ-де білім алушыларды қорытынды аттестаттауда дипломдық жобаларды «УЕ-ХҚТУ-048-2021 Дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі» мен «УЕ-ХҚТУ-076-2022 Жоғары білім кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/ жоба дайындау туралы ережесі» сәйкес жүргізіледі. ХҚТУ академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының бекітілген оқу жұмыс жоспарларында көзделген мерзімдерде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары үшін өткізіледі. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау және тапсыру нысанында жүргізіледі. Магистратура білім алушыларын қорытынды аттестаттау магистрлік диссертация/жоба, докторлық диссертация жазу және қорғау түрінде жүргізіледі. Қазіргі әлемде саясаттағы, экономикадағы, экологиядағы кез-келген оқиға немесе инновациялық технологияларды дамытудағы кішігірім қадам болса да, өзекті болады. Диссертация немесе дипломдық жоба тақырыбының өзектілігі қандай болу қажет? Бұл мәселенің қазіргі қоғам үшін маңыздылығының, оны дамытудың маңыздылығының және оны шешудің нақты жолдарын табудың дәлелі. Диссертацияның немесе дипломдық жобаның авторы оның зерттеуінің өзектілігіне сенімді болуы керек және оны МЕК мүшелеріне дәлелдей алуы керек. Тақырыптың өзектілігін айта бастағанда, ұсынылған әдеби дереккөздерді, тек отандық қана емес, сонымен қатар шетелдіктерді де зерттеу қажет.

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің 18 қосымшасының дәлелді құжаттарын дауындау қажет, «УЕ-ХҚТУ-048-2021 Дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі» мен «УЕ-ХҚТУ-076-2022 Жоғары білім кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/ жоба дайындау туралы ережесі» ережелеріне сәйкес дипломдық жоба/диссертация тақырыптарын ұсыну қажет.

Шешім: Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің қосымшалары толтырылсын; кадр даярлау бағыттары бойынша бітіруші курстың Қорытынды аттестаттауда дипломдық жоба және магистрлік диссертацияларды қорғау туралы мәселелер қаралып, тақырыптар ұсынылсын; оқу үдерісі бойынша ОӘК, оқыту әдістері, оқыту

нәтижелері талқыланын; қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қорытындылансын.

Мәжіліс төрағасы:

Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:

Н.Ә.Әбдімүтәліп

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТАДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4__ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

____.____.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – К.Калмахан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

Күн тәртібі:

1. Академиялық ұтқырлық бойынша мүмкіншіліктерді талдау
2. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын әзірлеу
3. ББ - ларды ішкі аудиттен өткізу
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Академиялық ұтқырлық бойынша мүмкіншіліктерді талдау, бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын әзірлеу, ББ - ларды ішкі аудиттен өткізу, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау жұмыстарын қарау.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды: Ұтқырлықтың негізгі мақсаты-студентке оқытудың таңдалған бағыты бойынша білім алуға мүмкіндік беру, оған жетекші ғылыми мектептер құрылатын танылған білім орталықтарына

қол жеткізуді қамтамасыз ету, студенттің мәдениеттің әртүрлі салаларында білімін дамыту. Айта кету керек, сыртқы академиялық ұтқырлық, ең алдымен, дәстүрлі шетелдік тағылымдамалардан ерекшеленеді, өйткені студенттер шектеулі, бірақ ұзақ уақытқа - семестрден оқу жылына дейін шетелге білім алуға барады. Тағылымдама барысында олар толыққанды оқиды, жеке пәндер мен тілді ғана емес, сонымен қатар негізгі жоғары білім беру мекемесіне оралғаннан кейін оқитын толық жылдық немесе семестрлік курстан өтеді. ХҚТУ-де Академиялық ұтқырлық мүмкіншіліктері УЕ-ХҚТУ-014-2023 Мәулана алмасу бағдарламасы туралы ереже негізінде де іске асырылуы мүмкін. Бұл бағдарлама бойынша бакалавриат деңгейінде 1-3 курс, ал магистратура деңгейінде 1 курс білімгерлері арасында ұйымдастырылады.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков: Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарын әзірлеу бойынша. Бағдарламаның стратегиясы белгіленген құзыреттілік моделін қалыптастыруға және іске асыруға, сондай-ақ жұмыс берушілердің ықтимал шеңберін кеңейтуге бағытталған. Негізгі мақсаты-еңбек нарығында сұранысқа ие, қоршаған орта объектілерінің мониторингі саласында практикалық зерттеулер жүргізуге және биосфераның ластану дәрежесін айқындауға, кәсіби дағдыларды жетілдіру арқылы ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер қабылдауға жоғары қабілетті мамандарды даярлау. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы - негізі экологиялық сауаттылық компоненті ретінде жүйелі ойлауға бағытталған, сондай-ақ жұртшылықты экологиялық білімге көшуге және жеке мінез-құлықты өзгертуге назар аударудан шығуға, экологиялық білім беру мен оқытудың тұжырымдамалық моделін ұсынуға, экологиялық білімді табиғи ресурстарды басқарудың иерархиялық экологиясын, экологиялық саясатты және жергілікті әлеуметтік-экологиялық жүйенің басқа да элементтерін сипаттайтын тұжырымдамалық үлгілерге біріктіруге шақырады.

АК мүшесі, академиялық персонал Сарбаева Қ.Т.: Аккредиттеуден өтетін 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларын ішкі аудиттен өткізу мәселесі бойынша: Жұмыс берушілерден, атап айтқанда, «ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті» басшысы Канат Калмахан, «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ басшысы Абдуәлиев Қайрат Аманкелдіұлы, «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» РММ директоры Ниязов Аскар Камбаровичтен сауалнамалар алынып, 2023-2024 оқу жылындағы БББ мақсаты қайта қаралып, оқыту нәтижелеріне сәйкес құзыреттердің қол жетімділігі талқыланды.

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: Академиялық ұтқырлық бойынша мүмкіншіліктер талдансын, бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ Даму жоспарлары қайта қаралсын, ББ - ларды ішкі аудиттен өткізіліп, сауалнамалар алынсын, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:

Н.Ә.Әбдімүтәліп

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТАДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

____.____.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Қ.А.Абдуалиев, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

Күн тәртібі:

1. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу
2. Жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізу
3. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру, өзіндік есептерін жіберу
4. Қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу, жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізу, институционалдық аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру, өзіндік есептерін жіберу, қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды:
Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу, жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және

қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізу барысында біраз іс-шаралар атқарылды. Атап өтсек: 6B05247-Экология ББ бойынша 2023 жылы жаңартылғандықтан, енгізілген жаңа пәндердің мазмұны, оқытылу деңгейі, тәжірибелік базаның және лабораториядағы жасақтаудың дайындығы жан-жақты қарастырылды. Қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтерге сұраныс хаттары жазылды. 7M05223-Экология ББ-да білім алып жүрген магистранттардың зерттеу практикаларының Экология ҒЗИ-да жүргізілетіндігі және олардың зерттеу жұмыстарының нәтижелері отандық және халықаралық басылымдарда шығуы оқыту нәтижелерінің қол жетімділігін көрсетеді. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу барысында жұмыс берушілерден ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілді. Сауалнамалардың нәтижелері талқыланып, ББ-ға қанағаттану деңгейі расталып, сауалнамалар ББ құжаттар тізіліміне тіркелді.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков:

Институционалдық аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыруда келу уақыты ақпан айының 20-23 күндері екендігі анықталды. Осыған байланысты 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның өзіндік бағалау есептерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалып жіберілді. Өзіндік бағалауда жалпы 7 стандарт бойынша ББ-дың оқу үдерісі, ғылым, тәрбие бағыттарының жалпы жасалған жұмыстардың сипаттамасы, расталғандығы жөнінде ресми сайттардың және құжаттардың тізілімі қоса берілген. Бұдан басқа, ОПҚ-ң қызметі барысында атқарылған жұмыстардың барлық бағыты қарастырылған.

АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к., доц.м.а. Қ.Т.Сарбаева: қаңтар айында жасалған жұмыстар өте ауқымды болды. 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудитін өткізу барысында еңбек нарығында түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, бәнчмаркетинг сараптамасы бойынша ББ-ң даму перспективалары жан-жақты қаралды. Жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілді. Институционалдық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визиті ұйымдастырылып, өзіндік есептері үш тілде жазылып тәуелсіз агенттігіне (БСҚА) жіберілді.

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: 6B05247-Экология және 7M05223-Экология ББ-ның аудиті өткізілсін, жұмыс берушілерінің ББ-ға құрылымына және қанағаттану деңгейіне байланысты сауалнама жүргізілсін, институционалдық аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастырылып, өзіндік есептерін жіберілсін, қаңтар айында атқарылған іс шаралар нәтижесі талдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:

Н.Ә.Әбдімүтәліп

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТАДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26. 02. 2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал– х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал –техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Қ.А.Абдуалиев, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

Күн тәртібі:

1. Аккредиттеу кезеңі: Сыртқы аудиттермен жұмыс жасау.
5. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. Ақпанның 20-22 күндері аралығында Білім Беру Сапасын Қамтамасыз Ету Тәуелсіз Агенттігінің (БСҚА) бағдарламаларды аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында 6B05247 Экология және 7M05223 Экология білім беру бағдарламаларын Аккредиттеуден өткізу туралы. Сыртқы аккредиттеу барысында жеті стандарт бойынша жұмыстар жүргізілді: Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету және академиялық адалдық саласындағы саясат; Стандарт 2. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту, ақпаратты басқару; Стандарт 3.Студентке бағдарланған оқыту сабақ беру және бағалау; Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау; Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы; Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау; Стандарт 7.

Қоғамды ақпараттандыру. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6B05247 Экология және 7M05223 Экология білім беру бағдарламалары 1-ші Кластерге кіретін бағдарламалық аккредиттеу бойынша сыртқы аудит жүргізу жөніндегі сараптама тобының құрамына:

№	Аты-жөні	Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	Топ мүшесінің мәртебесі
1	Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна	Биология, география және химия кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы, Қорқыт иени атындағы Қызылорда университеті	Топ жетекшісі, сарапшы
2	Ерошенко Василий Иванович	Экология және табиғатты пайдалану кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, география факультеті, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті	Халықаралық сарапшы онлайн
	Мукушева Гулим Кенесбековна	Бейорганикалық және техникалық химия кафедрасының меңгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	Ұлттық сарапшы
3	Сейлхан Айнур Сейлханқызы	География және экология кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	Ұлттық сарапшы
4	Сулейменова Жаксиккуль Журсинбаевна	"Қазыбек Би атындағы №14 жалпы орта мектебі" директоры	Жұмыс берушілердің өкілі
5	Рысбекова Жанерке Қайнарқызы	"Туристік дестинациялар менеджменті" білім беру бағдарламасының 4 жылдық студенті, халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті	Студенттердің өкілі
